

Әлібек ҚАҢТАРБАЕВ

Досылда
хат

Эссе-рецензия



Әлібек ҚАНТАРБАЕВ

*Досыма жат
Досорекбаси*

2008

ББК 84 (Каз)-7

Қ 39

Қ 39 Ә. Қантарбаев.


«Досыма хат». Эссе-реквием, «Рекламный Дайджест»,
Өскемен, 2008 жыл. – 200 б.

ISBN 978-601-7022-14-3

Кенді Алтайға танымал қаламгер Әлібек Қантарбаев бұл эссе-реквиеміне өзек етіп жақын досы, туысы, марқұм Ақылбек Ниғыметұлының өмір жолын алған. Алайда автор досы мен екеуінің балалық, жастық шақтарын жігін білдірмей өру арқылы өткен ғасырдың 60-70 жылдарындағы балалық пен желөкпе жастық шақтың үзік-үзік суреттерін береді. Сол арқылы тұтас бір үрпақтың өтпелі кезеңін оқырманға күміс табакпен ұсынады. Автордың тілі шұрайлы, эссенің философиялық иірімдері терең.

Әлібек Қалиұлының бұл деректі повесі де оқырманының көзайымына айналатынына сенімдіміз.

Dactina ram





Бұл эссе-реквиемді бесік досым әрі туысым, адал дос, қимас үл, асқар таудай әке, кішіге ардақты ага, үлкенге ілтипатты іні, Отанына адал да сүйікті перзент, қызметінде білгір де білікті маман, үлкен жүректі азамат бола білген, алайда қамал бұзар қырық деген жасында ұзаққа созылған ауыр дерттен көз жүмған, бақылық болғанына биыл 20 жыл толатын аяулым әрі мәңгі сагынышым Ақылбек Нигыметұлының аруагына бағыштаймын.



СӨЗ БАСЫ

Мойнынан үлкен бір жұқ тұсті. Досым өрі туысымның аруағы алдындағы адами міндетім мен парызымның бір түйірінен арылғанымға өрі қуаныш, өрі женілдеп отырмын. Әрине, бірнеше том кітап жазсам да Ақылбек сынды досымның қайта тірліп келмейтінін білемін. Десек те біз басқан, біздің замандастарымыз өткен өмір жолын бүгінгі және келер үрпақ та білуі керек қой. Мұрағаттың суалған сиырдың емшегіндегі дорбасынан өткен үрпақ жолын қаз-қалпында «сауып» аламын деу - әбестік. Мұрағат қалтасы тым сараң. Сондыктан да осындай стильге баруға тура келді. Бұл – бір.

Екіншіден, бұл кітап менің, ертеректе шыққан «Сол бір кез есімде» атты ғұмырнамалық эссеңің заңды жалғасы, тіпті дәлірек айтсак, толықтыруға келген «құрдасы» сияқты. Ол эсседе айтылмай, «тіл ұшында» қалған көп естеліктердің орнын дәл осы кітап толықтыра ма деген ойдамын.

Үшіншіден, баланы өз тілінде сөйлетуге, өз пайымдауынша әрекет жасатуға тырыстым. Кенестік әдебиеттердегі секілді жас баланың аузына абыздар айттын сөз салып, ғұламалардың іс-қимылын жасатудан қаштым. Бала - әр кезде де бала. Сондыктан оның сөзі де, пайымдауы да, іс-әрекеті де баланің болуға тиіс. Соған үмтүлдым.

Төртіншіден, менің кейіпкерлерім періште емес. Пенде. Олар да көпшілік сынды ет пен сүйектен, теріден жаратылған. Сол себепті бұл кітаптан періште іздел әуре болмаңыз. Оның үстіне бұл эссе – деректі. Көптеген кейіпкерлерімнің көзі тірі. Көркем әдебиеттің жазушы киялы, фантазия жемісі дегендегі тәсілдері бұл кітапта жоқ. Жинақтық образ жасаймын деп өтірік, жалған айттып қойсам, ертеңгі күні көзі тірі кейіпкерлерімнің бетіме түкіретіні рас. Жазу машақаты молдау болғаны



сондықтан. Қазақ прозасы бәйтеректерінің бірегейі Қалихан Ысқақ ағамыз менің 60 жылдық тойымда: «Қараул, жазарың да, азабың да алда» деп еді. Бұл кітап – сол азапты жолдың басы деп қабылдаңыз, көкірек көзі ояу оқырман.

Соңғы айтарым: Қаламыңды ешқандай қоғамдық формация тартып ала алмайтыны – шындық. Кітапты біз жазармыз-ақ, шығару – қиямет. Қалталы кісі іздеуің керек. «Кісідегінің кілті – аспанда». Қазіргі қалталы деген азаматтардың көбі доңайбаттау, ұсақ-түйегінді қойып классикалық дүниендең қос өкпеден теуіп өте шығатындар. Сондықтан менің азды-көпті шығармашылығыма үнемі қамқор қолдарын созып жүретін Амантай Қабдешұлы Бакин сынды ағама, Темірбек Исабаев, Марат Татарев, Ержан Сқақов, Ержан Нұрбаев, Мұрат қажы Телебаев, Мырзагелді Хамзин, Әлия Досыбаева, Алматыда тұратын құда-құдағиым Елтай мен Гаунар, інілерім Талғат Қалиев пен Ербол Қебентаев сынды азаматтарға айтар алғысым шексіз.

Ал, өulet туын көтеретін Ақылбектей ағасы бүгін арамызда жоқ болған соң сол шаңырактың бар жүгін мойнына алып, солардың аты өшпесе екен деп аласұрған Әйгерім қарындасыма айтарым: «Алла саған әрдайым қолдау көрсетіп, әманды Сәттіліктері мен Жақсылықтарын жолдап жүрсін!».

Автор.



БАСТАУ, НЕМЕСЕ ӨТКЕН ШАҚҚА САЯХАТ

Анау жолы түсіме кірдің, Ақа. Қызық, жалпы жыл оны екі айда өрі кетсе бір немесе екі рет басы бар да аяғы жок үзік-үзік түс көретін мен осы жолы толық сюжетті түс көргеніме айран-асыр болғаным рас...

... Бір еңселі үйде жүр екенмін деймін. Сендердікі еken деп ойлаймын. Сен көрінбейсің, алайда сенің жақын манда жүргеніңді сезінемін. Ас үй көрінеді, онда Нұржамал тәте ме, өлде жарың Ғалия ма, әйтеуір жақын біреу ас дайындал жатқан сынды. Менің қолымда сенің кәдуілгі жүрегің және қалам жүр. Қолымда сенің жүрегің жүргеніне аса көп таңқалмайтын сияқтымын. Жүрек кәдімгі сағат сынды тырс-тырс соғып жатыр. Келер сөтте бөлмеге сен кірдің, қызық, аппақ шілтерге оранған сенің сұлбаң кірді. Амандаспаққа әрекеттенем, дегенмен сен, жо-жоқ, өлгі аппақ шілтердің ішіндегі Ақылбек деген үғым түсініксіз күбірлеп жанымнан өте береді екен деймін. Сандаған жылдар сенің бір ауыз сөзінді естүгеге зар болған, сағыныш өбден титықтатқан, енді міне, шер тарқатар шақ келді деген сөтте сенің күңкілдеп өте шығуың мені тұралатып тастағандай. Дел-салмын. Тұрып-тұрып қолымдағы жүрек пен қаламды терезе ал-



дына қойдым да ас үйде жүрген беймөлім жанға, беймөлім емес-ау, әйтеуір жақын біреу, соған: «Әне, Ақылбектің жүрегі терезе алдында тұр, солып қалмасын», - деймін...

Сөйтіп жатып ояндым. Жастығым сұланып қалыпты. Шамасы, жылаған болармын. Алпысқа иек артқан ер адамның өңінде жылағаны өрескел көрінер, десек те түсінде болсын өксіп-өксіп алғанға не жетсін, шіркін!

Қазақтың түсінік-таннымы, салт-дәстүрі қойдың жалбыршақ қарны сынды-қырық қабат. Түсіну де, белгілі бір мақал-мәтелдері арқылы тоқтам, байлам жасау да қын. Көнілге кіrbің, қобалжу үялататын, корқыныштылау тұс көрсек «тұс-тұлкінің боғы» деп өз-өзімізді алдаусыратамыз, тағы да «Түсінде жыласаң, өңінде қуанаңсың» деп те көшелісіміз, немесе, түсімізге тіпті сүйегіне қына шығып кеткен аруак-ағайындарымыз енсе: «Е, жарықтық, аян беріп жүр екен ғой» деп те басалқы айтамыз. Мүмкін, бәрі мүмкін. Алайда менің түсіме сенің кіруің тегіннен-тегін болмағаны шындық. Шындық демекші...

Ақа! Мен осы азын-аулак ғұмырымда сандаған шындықпен жолықтым. Бір қызығы, бүгінгі шындық дегенің ертеңгі күні іске алғысыз, тіске басары жок, етек-жені шоп-шолақ өтірікке, жалғанға айналып, бу бол көтеріліп, ауаға сіңіп жүре береді екен. Әрі қаншама тірлік иесі болса, соның әрқайсысының өз шындығы болатыны рас. Мәселен, бір мәселе жөнінде менің шындық дегенімді екінші біреу жоққа шығарып жатады. Шындықтың бәрі ақиқат емес. Ақиқат біреу-ақ екен, ол-туу бар жерде өлім хак екендігі. Сонымен бірге Ажал атты қан шенгелдеген әщадының біреуді ерте, біреуді кеш басатыны ақиқат.

Ал екеуіміздің шындығымыз... Ортақ еді-ау. Көп жағдайда, бір-бірімізге сінісіп, тұтас бір ағзаға айналып кеткендігіміз сондай, біреуіміз жалған айтып тұрсақ та осы өтірік айтып тұр-ау деген секемшіл сезімнен ада



күйде бас шұлғитынбыз. Көбіне-көп өне-бойы Ізгілік, Имандылық, Мейірім; Қамқорлық атты сезімдерге шүпілдей толған сен менің айтқандарыма имандай үйыйтынсың. Бір-біріміз үшін отқа да, суға да тұсуге дайын едік. Сен фәни есігін тарс жапқан сонау қаралы минөтке дейін сол ниетімізден айнымағанымызды білемін. Сен де сондай сезіммен өттің жалғаннан.

Дүние жалған... Оны сен дәлелдеп кеттің. Әрине, саған дейін де сандаған мың пендे дүниеден баз кешкені рас. Алайда, сенің өліміңнің маған аса қатты батқандығы сондай, ішкі жан-дүниемді өлдекім қопара тонап, тек қаңқамды қалдырғандай күй кешкем. Саған Қонқайдың бауырындағы аруактар мекенінде топырақ салып жатып-ақ менде өзіңе деген алапат сағыныш бой көтерген. Жиырма жыл бойы сол өртті сағыныштың сал қылатын тауқыметін тартып, усойқы уын мелдектей еміп келемін. Бұл – өзімнің ғана меншікті шындығым. Оған қол салуға ешкімнің қақысы жоқ.

Сенсіз жиырма жыл өтіпті. Мен болсам өткен жылды Алпыс дегенabyз жастың босағасынан аттадым. Биылғы жылды сен де сол жасқа түк іліктірер едің. Тағдырың саған алпысты қойып, елуді де қимағаны несі! Тағдыр демекші...

1988 жылдың тамызында сенің қазаңа қара жамылып алыс-жақыннан келген қалың жұрт ағайын-туғанға: «Е, казаның арты қайырлы болсын! «Жазмыштан озмыш жоқ» - десіп басалқы айтсып жатты. Сонда деймін, сонда елуі жабылып ешкі соя алмайтын ездерді сексен-тоқсанға еңкейтпей жеткізетін Жасаған Иеміз елінің әжетіне жарайтын, Алтайы азаматым деп жат жүртқа мақтана алатын сендей азаматты жастан шектегені қалай? Тым күрығанда, жетпіс-сексенді айтпағанда, жалғыз ұлың – Жанәділінің ат жалын тартып мінген бозбала шағын көруді де жазбапты мәндайыңа. Кереғарлық па, жоқ әлде сынақ па? Есінде шығар, бала кезімізде үлкендер кешке



қарай қаракөленке үйдің ішін күбірге толтырып: «Жазмыш деген болады. Ол – адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқанда маңдайына жазылып қойылатын өмірінің бағдарламасы. Ол бағдарламаны өзгертуге екі аяқты пендे қауқарсыз. Ол – Алланың жазуы» – десіп жалтақтай сыбырлайтын. Жалтақтайтындары: біреу-міреу естіп, жоғары жаққа жеткізіп қоймасын дегендері. Керзі етік киғен Кеңестік кеңкелес идеология жалпақ жұрттың бүткіл рухын сорып алып, оның орнына қорқыныш пен үрей, құдайсыздық деген алапес екпені егіп тастағаны рас. Біз де сол қалың қөпшіліктің өкілдері болатынбыз. Тек бірғана «батыр» бар болатын, ол - әжеміз Рәпия еді. Денесі кесек, әрбір сөзін мірдің оғынданай шегелеп, адуын сөйлейтін әжеміз: «Құдай бар. Ал, қайт дейсіндер, мені жапқызындар абақтыларыңа» - деп серпітін. Ол кісінің мына сөзінен кейін кейбіреулер тіпті оның жанына отыруға да қорқатын. Әжеміз туралы өңгіме кейін айтылар. Тақырыбымызға оралайын.

Сені тағдырың қырықтан аса бергенде қакты. Қамал бұзар жасында. Жап-жас қалпында. Біздің көз алдымызда сен сол қалпында мәңгілікке қалдың. Қызық, мен бірнеше рет сені Елу мен Алпыс жасқа жеткізіп елестетпекке әрекеттенгем. Түк шықпады. Қап-қара қалың шашың қобырап жымиясың да отырасың. Жасаған Иеміз сені мәңгілік сағындыру үшін де ерте әкеткен болар. Әйтпесе.... сексен-тоқсанға жеткізіп, сенделтіп, селкілдетіп барыш алар болса, мүмкін дәл осындай сағынбас па едік, кім білсін?! Артында сағынатындарың қалғаны да жақсы екен-ау!

Ақа! Сен ауданда, облыста айтулы дәрігер-фтизиатр атандың. Білімің де біліктілігің де, зерден де - ғажап еді. Өзің бала кезінен жүрек дертінен жапа шеккендігінен болар, жүрек ауруларын ешқандай зертхана қорытындыларынсыз-ақ дәп басатынсың. Ауданымызда көп жылдар бас дәрігер болған, бүгінде облыстағы



бірегей кардиолог замандастымыз Шәкірт Дүсіпов: «Көп жағдайда кардиологтар Ақаңнан сабак алып отыrsa ғана көсіби биіктікке шығады» дейтін. Шәкен асырып айтатын кісі емес, сондықтан осы сөзге үйіншілдеміз оң болар.

Аудан дәрігерлерінің ішінде алғаш мемлекет орденін қеудесіне таққандардың бірі де сен едің. Саған 80-жылдардың басында «Құрмет белгісі» ордені берілген. Қуаныштан жарылып кетердей болып жүргеніміз есімде.

Ақылбек! Білесің бе, адамзат дамуы эволюциясы бізден, жер басып жүрген екі аяқтылардан, мынаны талап етуге қақылы: ол – үл өкеден, қыз - шешеден асып тууы шарт. Үл өке шыққан биіктен аса алмаса, онда адамзат дамуында прогресс тоқталғаны.

Біздің әкелеріміздің шыққан төбесінен әрі асканымыз шындық. Ендігі өңгіме қандай жолмен, нендей тәсілмен астық, сол төңірегінде. Бір-ақ ауыз сөзben түйіндересек, сен Нигымет пен Нұржамалдың, мен Қалимен Мәнаштайдың арқасында көтерілдік. Әкелеріміз өздерінің Төр Алтайдай қамқорлығын, шешелеріміз өздерінің астатек мейірімдерін біздің табанымызға табалдырық етті, баспалдақ болды. Сол Мейірім мен Қамқорлық бізге білім өперді, бойымызға Имандылық, Кіслік рухын күйды. Сен алған орденнің, мен алған марапаттардың сүбелі басы – сол ата-аналарымыздың еңбегінде жатыр. Тағы да...

Ол кіслер ағайын арасының бірлігі мен берекесіне, сол қасиеттердің үрпақтарға сабактасуына аса үлкен маңыз беретін. Тіпті үйлеріміздің арасына сына қаққызыбаған, яғни бөтен үй кірмеген. Қаңтарбай мен Нұріске, Жібітайдан өрбіген өulet бір шоқ болып отырғанын білесің. Неге? Үрпақтар туысқандықтың алтын арқауын үзбесін, жат бол кетпесін дегендері. Ал, біз сол жіпті үзбеуге әрекеттендік пе? Біздің буын оны жоғалтқамыз жоқ. Ал, келер үрпақ? Сенімнен - күдігім басымдау.



Мен елге жиі болмаса да жылына екі не үш рет ат басып бұрып тұрамын. Ауылда ат байлайтын ешкім қалмапты. Біздердің қара ормандарымыз баяғыда сатылып кеткен. Әрине, ешкімді де сөге алмайсың, балапанбасына, тұрымтай-тұсына дейтіндей алласапыран кезенде жан бағуды мақсұт еткен ағайындар қалаға андыздадық. Қаладан сауға сұрадық. Сонда деймін, ауылға барғанда, көбіне-көп аяқ сұytар нұқтем – Қоңқайдың бауырындағы аруақтар мекені. Ата-аналарымыз, сендер жатқан зираттар. Жоқ іздегендей айналышықтан үзак жүремін. Аллау-акбарымды қайырамын, үн-тұнсіз отырып өткен-кеткенді еске аламын. Сағыныштарыма дауа табамын. Тәубеме келемін. Әлгі өзіміз білетін әпсанадағы хан алдына Жаман деген атпен келіп, ақыр соңы данышпандығымен билікке көтерілетін, қолы байлық пен дәuletке жеткен шақта да баяғыдағы жыртық, сауыс-сауыс тонын төріне іліп қойып, соған қарап күн сайын тәубесіне келіп отыратын Аязби бар емес пе еді. Мені де тәубеме түсіретін жыртық шапаным – Қоңқайдың онтүстік бауыры. Бүгінгі сендердің бесіктерің, ертеңгі күнгі бәріміздің мекен тұрағымыз. Сонда отырып өрне ойыма оралады. Ой сауамын. Өткен шактың еміздігін сорамын. Тіпті кей кезде корқыныш та буады. Неге дейсің ғой. Осында жатқан ба-баларымыз ғайыптан тіріліп кетіп тірілерден, мына менен тіні тарқатылмаған ағайындардың бірлігі мен берекесі, шайқалмаған ырысы қайда деп дігірлесе, не деп жауап беремін деп үрейленемін. Әй, қайдам, бізден кейінгі үрпак дәл біздей араласа қоймас, жатбауыр боп кететін шығар-ақ. Әрине, әр үрпактың өз жиені, өз нағашысы болатыны рас. Десек те үрпактар ауысқан соң біздің арамыздағы ағайындықтың сабактастығы көрблелене бастайтынын ойласам, көкірегімді өксік буатынын да жасырып қайтейін. Аруақтар мекені демекші...

Жан досым! Қазақ жұртының жасы үлғайған адамдарында әлемдегі басқа үлттарда кездеспейтін бір сал-



ты дейміз бе, дәстүрі дейміз бе, әйтеуір бір оғаштау тілегі болады, ол - өлгеннен соң ата-бабаларымның жатқан жеріне жамбасымды тигізіндер деуі. Ойлайтынбыз, өлгеннен соң қай жерге көмілсөң де бәрі бір емес пе, мұрденің туған жерде жатуы шарт емес шығар деп. Жок, бұл дәстүрде терең философиялық ой мен мағына, үлкен тәлім мен тәрбие жатыр екен-ау. Мәселен, мен аса қауырт шаруам болмаса да Катонқарағайға, Төр Алтайға жылына ең құрығанда бір мәрте барып қайтпасам, өзімді күнәлі санаймын. Аса үлкен бір қажетім өтелмегендей сезінемін. Катонқарағай дегенде баратын жерім өзіміздің Топқайың, ең бағытсы - Қонқайдың бауыры. Аруақтарға арнап дүғамды оқимын. Біртүрлі жеңілдеп қаламын. Дәл сонан кейінгі ірілі-уақты жоспарларым іске асатын секілді боп көрінеді. Яғни, менің туған жерге кіндігім байланған. Мен атамекенге барғым келмесе де аруақтарға құран оқу үшін сапарға шығуға мәжбүрмін. Міне, қазақ ұрпағының ата жұртынан құрық ұзіп кете алмауы осы себептен көрінеді. Кеменгерлік пе, жок па? Әрине, ұрпақтың туған жерін ұмыттырмау үшін бұдан артық себеп пен салдарды басынды тау мен тасқа ұрсан да таба алмайсың. Жер жаһанның кез келген пүштағында жүрген, тамырында қазақтың қаны бар кез келген өренінің туған жерге бүйрекі бұрып тұратыны сондықтан шығар.

Топқайың... Біздің жерүйесіміз, кіндік қанымыз тамған, жалаңаяғымыздың ізі қалған, қанаттанған, тұлғен ыстық мекеніміз. Мейлі, қай жерде жүрсек те оған деген ыстық махабbat, сартап сағыныш көкірегімізді жылдытып жүруші еді-ау. Жетуге асығатынбыз, жаз болса көкмайсасына аунап-кунап, саршұнақ аязында беті-қолымызды үсік шалса да ойнаудан жалықпайтынбыз. Топқайыңдай тоққулкілі ауыл, оның жас-кәрісіндей мейірімді де қалжыңсүйер қауым жер бетінде жок секілді боп көрінетін. Мен ойлаймын, ауылымыздың кез-келген баласына Топқайың мен Алматының қайсысын



таңдайсың десе, ойланбастан Топқайының атар еді. Әрине, біздің замандастарымыз. Қазіргі балалардың жандуниесі мұлдем бөлек, мұлдем басқаша таңдау жасар.

Ауылға соққан сайын әр түп талы мен шілігінің туғынен, тауы мен тасынан, өзені мен бұлағының жағасынан, әр үйдің ауласынан екеуіміздің балалығымызды іздеймін. Бейкүнә де балғын Әлібек мен Ақылбекті, солардың желекпе жастығын көргім келеді. Бит сыққандай үңілемін-ак, алайда таптырмайды. Қазіргі балалар бізге ұқсамайды екен, біздің ойын элементтерімізді ешқайсысынан таба алмай мысым құриды. Заман да, адам да, тіпті бала екеш балаға дейін, құдай-ау иті мен мысығы, бұзауына дейін басқаша психология, басқаша тірлікке көшіпті. Біздің замандастарымызды, тіпті өсірелеп айтсақ, үйде байлаپ тастасаң арқанын үзіп тау мен тасқа, орман, тоғайға, далаға қашуышы еді, қазіргі балаларды үйдегі теледидардың алдынан табасың. Марғау, көздерін еріне ашып-жұмып отырғандары...

Анау жылы өзіміздің ауылдың азаматы, екеуіміздің де жақсы ініміз Темірбек сайлауға түсіп, ел-жүрттың әужайын түйейік деп он шақты құнгे елге бардық. Көп араладық. Коңыр күз болатын. Катонда тұратын Темкеннің інісі Айбектің үйінде жатқанбыз. Темірбек бір шаруалармен Ақсу жаққа өзі кеткен. Іздегенге сұраған, Топқайыңдан «көк шолағын» қамшылап Қалихан Ысқақ ағамыздың келе қалмасы бар ма. Қалихан ағаны сен жақын танымауың да мүмкін, алты алашты аузына қаратқан жазушымыз сен фәниден қайтқанға дейін ауылға өте сирек келетін. Келген күнде де ауыл үйді айтшыламай, бейне бір қылмыс жасап қойған баладай інісі Сайлауханның үйінен шықпай тым-тырыс келіп, жым-жырт Алматысына аттанатын. Сол ағамыз алпысынан кейін келуді жиілеткен. «Алматыны жерсінбей жүрмін, көзімді жұмсам болды Алтай түсіме кіреді» деп күнкілдей берген соң Тоқтасын мен Темірбек інілері



Топқайыңың басына, шеткі көшеге төрт бөлмелі сами-яндай үй тұрғызып берген. Сол үй қазір Қалағаңың са-яжайы сынды. Алтайдағы сүрі қардың шеті сөгіле, ерте көктемде Дәмеш женғемізді жетектеп жеткен ағамыз қара күзге дейін Топқайыңды сарыжұрт қылым жататын-ды шығарды. Ал, «көк шолағы» деп отырғаным - өзінің «Нива» мәшіні.

- Әй, Қараұл, (мені солай атайды береді) не жатыс, бүгін қара күздің май тоңғысыз мамыражай бір күні екен. Кеттік Топқайыңға, Құлместің жағасына барып қыдырыстап қайтайық, - деді Қалағаң. Куаным кеттім. Апыл-ғұпты Топқайыңға аттандық.

Ауыл сол қалпы. Алайда, ертеректе етігінің танауында жатқан алтында алуға ерініп, теуіп өте шығатын ағайындар етек-женін жинап, сергектікке көшкен сынды. Қора-қопсылары, аула шарбактары, тұрғын үйлері де жаңаша тұс алыш, соны жаңалық лебін байқатады. Бойкүйез жүрттың көзінде от пайда болышты. От деп отырғаным - ертеңге деген Сенім мен Үміт қой. Жасаған содан айырмасын!

Әне, ауылдың басындағы Текше төбешігі. Ол – Қырыққұдық сілемінің алғашқы баспалдағы. Текшениң бауырындағы топтала өскен мойыл ағашы алаңқайы. Сөл-пәл сирегені болмаса, сол қалпы. Тәңірім-ау, тамыз, қыркүйек айларында бүткіл ауылдың қарадомалақтары сол жерден табылатынымыз есінде ме? Тісіміз бен тіліміз қап-қара болыш, дәл бір аталарымыз мойылдан өлгендей, әй, не қыласың, ішіміз кепкенше жейтінбіз. Сол жер көзіме оттай басылды. Мойыл ағаштарының арасынан бала Ақылбекті іздеймін. Құр елес...

Ауылдан Қалағаңың інісі Сайлауханды, досымыз Ауғанбаев Қаныбекті қосып алдық. Қалағаң дүкеннен «дәм-тұз» алды. Мелжемді дорбаның ішінен қалың шынылардың соқтығысқан қою сынғыры естіледі. Сайлаухан үйінен піскен ет алыш шықты.



Қарабақайымызға дейін «қаруланған» біздер ауылдың аяғындағы Күлмес өзенінің жағасына, Каражартастың етегіне жайғастық. Күн бесінге таянған шақ. Шайдай ашық, лұп еткен жел жоқ. Күн шапағы Каражартастың шағылдарын алтынның буына малып алғандай жарқыратады. Екеуіміздің бір топ баланы осында алпинист боламыз деп ертіп келіп, қырып ала жаздағанымыз есіме оралды. Осыдан 40-50 жыл бұрынғы оқиғаның сұлба-елесінің өзінен жаным түршікті. Ол туралы әңгіме кейіндеу айтылар.

Көктем тұа, Алтайдың басындағы сүрі қарлар көл-көсір еріген шакта қарағай басына секіріп, долыра таситын Күлмес өзені моп-момақан. Бейкүнө. Тұқ көрмеген, тұқ білмегендей. Каражартастың түбіндегі үлкен иірім де сол қалпы. Жартас жиегіндегі ешкіаяқ сүрлеудің қыыршық топырағының астында екеуіміздің жалаңаяғымыздың таңбасы жатқаны сөзсіз. Бұткіл балалығымыздың тең жартысы осында өтті емес пе.

Су мөп-мөлдір, тап-таза екен. Балықшылық «жыным» қоза бастады. Дәл қазір қармақ болса мол балық үстайтындағы желік пайда болды.

- Әй, Қаныбек, бағана қармақ ала шықпаған екенбіз, дәл осы иірімде қазір балық шүпірлеп жүрген шығар, – деп өкініш білдірдім. Тілі мірдің оғындей, таудан тас домалатқандай кесек те адуын сөйлейтін Қаныбек:

- Атаңың басы! Көзі соқыр хариус болмаса, дәл осы иірімде Қаңтарбаевты тосып отырған балық жоқ бүгін. Алайда, көнілің қалмасын, қазір Қалаған екеуіміз «көк шолақпен» ауылға барып, қармақ пен құрық алып келейік, - деді Қакен. Олар кетті. Өздері «қызып» отырған жандарға тосын тілек айтып, мазалағаныма көп уайымдаған да жоқын.

Балықшылық... мені бұл «өнерге» де сен дәндектенсің. Сол есіме түсті.

Не заманда Қалаған мен Қаныбек жетті. Қармақ пен



құрықты алудың алдын келгенімен, «көк шолактың» бір жақ бүйірін қабыстырып тастапты: тректірдің тіркемесіне соқтық дейді жайбарақат.

Қаныбек рас айтыпты, балық ұстағаныңыз не, тіпті бір шабақ та қаппай қойды.

- Балық ұстаған сенің не теңің?! Баяғыда Ақылбек жарықтық ұстаған балықты өзім ұстадым деп бөсуші едің, ал, көрейік өуселенді, бір бақабас ұстап берші бізге, - деп Қаныбек замандасым бір жағынан қажап барады.

Тас ұстіне шоқып қонып алдын Каражартас, Күлмес бойындағы қайың, тал, шілігі аралас жыныс тоғай, саржалқынданып жатқан Сарбұлақ жазығына телміріп ұзақ отырдым. Энеу төбе басында, 10-12 жасар кезіміз болар, сақылдаған қаңтардың аязына қарамай Ақтастыдан жақсы иттің күшіктерін өкеп беремін деген қойшыны тосып сандаған күн жүргенбіз. Энеу тоғайда өйткенбіз, әнеу белесте бүйткенбіз...

Ақа! Кексе жасқа ілінген адамдардың барлығына тән бір сезім болады-ау деймін, ол - өткен шақтың елесінің иектеуі. Ал, сол шақты аңсау менде тым ерекше. Жасаған Иеміздің екі аяқты пендеге берген ең үлкен бақыты - уайым, қайғысыз балалығы мен желөкпе жастық шағы екен. Соны кезінде бақыт деп қабылдай алмай, қадіріне жетпей өткізіп алатын көрінеміз. Қазақтың: «Уақыт - еріп кетер тұз емес пе, байлық – қолға ұстаған мұз емес пе, ал, бақыт – ұзатылар қыз емес пе» деуі тегін емес-ау. Жат босағаға ұзатылып кеткен қыздың төркін жұртында тек талман жүрер сағынышы ғана қалады.

Откен жылдың соңғы айларында мен пендеге лайық, біраз қуаныштармен қауыштым. Ең алдымен, Катонқарағай ауданы менің 60 жылдығыма орайластырып жақсы кеш үйимдастыруды. Ауданның жаңадан келген білгірбасшысы, өнерді қадірлей білетін өресі бар Серік Зайнулдин ініміз бас болып астыма ат мінгізіп, иығыма шапан жапты. Ауданымыздың «Күрметті азаматы» деген



атақпен алқалады. Менің шашбауымды көтеріп барған азаматтарды да сыйлықтан құр қалдырған жоқ. Пен деміз ғой, мерейім өсті, көнілімнің кір шалған пердесін жуыпшайып, еңсемді тіктеп берген Серіктей інімізге риза бол қайттым. Сонда не түйдің дейсің ғой, Ақа?

Адам баласын түсіну мұлдем қын екен. Соны түйдім. Катонның сахнасында менің драмам қойылып, атым аталып жатқаны біраз «өзіміз» деп жүретін жігіттердің іштеріндегі «қара мысықтарын» түрткілеп оятып, мияулатқан сынды. Артынан ел-жүрттан естімін де. Сонда деймін, сонда мен өлгілерге тиесілі атақ пен марапатты барымталап кеткенмін бе? Маған берілмесе, өздеріне тиетіндей көргендері несі? Әлгі «ағайын бар болсаң - көре алмайды, жоқ болсаң - бере алмайды» дейтін қазақтың сөзі рас екен. «Бұркіт тауықтан да аласа үшүү мүмкін, алайда тауық бұркіттен биік ұша алмайтынын» түсінсек қане!

Жыл сонында, өзің білесің, менің туған күнім желтоқсанның соңғы онкүндігінде ғой, дос-туыска Өскеменде тойымды жасап бердім. Обалы қанша, жер шалғайлышына, қыс іші болғанына қарамай көнілі жетерлердің бәрі жетті: екеуіміздің ортақ досымыз Фариғолла Есім бәйбішесі Римманы қолтықтап Астанадан келді, ол қазір Сенат депутаты, Қалихан Ысқағамыз Дәмештей жеңгемізді жетектеп Алматыдан, Әлібек Асқар ініміз Астанадан жетті. Анау алыстағы Сыр бойынан Әйкө-өзіңнің қарындасың Әйгерім, Алматыдағы Бекзат апай, Есен – Марғуғалар келіп, еңсемді көтеріп таstadtы. Катоннан бала күнгі досымыз Құдайберген Ботагөзімен келді.

Сенің орның ойсырап тұрды. Сол тойда сені еске алушылар көп болды. Бір аунап түскең шығарсың.

Бәрі көніл ғой. Той жасағаннан менің абырай-атағым, дәрежем, қызметім өсіп кетпес-ак, десек те сол тойдан дәл бір төрт-бес жылдық рухани қуат жинап алғаным рас...



Сен бір кіндіктен үлдан жалғыз едің. Алайда, екінші біреудің тоғызы жиналып тоқты соя алмайтын бокташағынан өлдекайда биік болатынсың. Менің есіме осы орайда бір әпсана түсіп отыр.

... Баяғыда зымиян да сүркія тұлкі аң патшасы арыстанды мұқатқысы келіп, әдейілеп алдына келмей ме. Амандақ-саулықтан соң тұлкі сөз арасында:

- Ареке, осы сіздерді аң патшасы дейді, төрткүл дүниеде сіздердің қаһарларыныңдан қорықпайтын тірлік иелері кемде-кем. Алайда, топандарының неге аз? Біз тұлкі деген жұрт боламыз. Жылтына егізден-сегізден сандаған үрпақ әкелеміз өмірге. Ал, сіздер екі жылда бір ғана рет күшіктейтін көрінесіздер. Мәнің түсіндіріңізші, - деп көлгірсіпті.

Арыстан бір ыңыранып қойып:

- Иә, екі жылда бір күшіктейтініміз рас. Дегенмен сол саны аз күшіктеріміз тұлкі емес, арыстан ғой, - деген екен.

Сол айтпақшы, сенде жалғыз болсан да көптің аузында жүретін, жақсылықтары басым айтылатын қасиеттер мол еді. «Жалғыздың жары – құдай». Рас сөз екен, сен бала кезінен ауырган, екі операция өткерген құрак-құрак жүрекпен өупірімдеп Қырық жастың босағасын аттап үлгердің, төрт үрпақ сүйдің, өмірдің тәттісін де, ашысын да талмадың, қысқасы өмірге текке келмегеніңді дәлелдеп кеттің. Мәселе, тоқсанға келіп тезегін мыжып өлуде емес, аз жасасан да мәнді, мағыналы өмір сүруде. Фәни жалғаннан жалауың жығылмай, жас-кәріге мазақ боп алжымай өткен де дұрыс шығар, кім білсін?! Алланың қолындағы дүние де.

Өмір-өзен. Бұл тіркесті қазақтың тайқы мандайына сыймаған аймүйіз ақыны Мұқағали айтқан. Сен де өмірдің тым-тым тез өтетінін жиі-жиі ауызға алып отырушы едің.

- Кеше ғана бала едік, енді бүгін азамат жасы-



на келіппіз. Тындырған тұғіміз де жоқ сияқты. Тірлік етіп, жан бағып жүрміз. Партия жат десе жатамыз, тұр десе тұрамыз. Өзіндік саналы қимыл, әрекет деген жоқ. Кәдуілгі роботпыз. Сонда Кенестер Одағында Саяси Бюородағы жиырма шақты шалғана ой ойлауға, 250 миллион жаның болашағын жасауға қабілетті ме? Абсурд.

- Ойбай, ешкім естіп қоймасын, - деп үлкен әңгіменің аяғын қалжыңға айналдыра салу, сенің стилің болатын.

Еліміздің тәуелсіздігі жайлыш жиі әңгіме қозғадық десем өтірік, алайда 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысынан кейін санамызда бір серпіліс болғаны рас. Сен қатты «желіктің». Әлі есімде, сол оқиғадан соң бір кездескенімізде:

- Әлеке, Алматыда анандай үлкен оқиға болып жатқанда, біздің Алтайдың бір қолатында тым-тырыс жатқанымызды қарашы. Сол топтың арасында жүруіміз-ақ керек еді. Десек те, біз болсақ қырық жасқа таяқ тастам жерде тұрмыз. Сол тәңкерісшіл топтың арасында біз құралыптас қырқылжыңдар болды ма екен? Әй, болмаған шығар, біздің замандастарымыз күшігінен таланған, санасы уланған, мәңгүртке айналған кәдуілгі қорқақ, ынжық тобыр ғой.

Ал, жастар... Жаңалық солардан шығады. Әй, кім білсін, мынадан кейін оларды да кенкелес идеология «ұр тоқпактың» астына алатын шығар, - деп қатты налыдың.

Сені ұлт ертеңі, тіліміздің болашағы да алаңдататын. Кәдімгідей күйзелетінсің. Осы төңірегінде тағы бір шағын оқиға есім түсіп отырғаны...

Бір күні Аршатыдан Катонға жиналысқа келдім. Аршаты мен Катонның арасы - жүз шақырым. Жолы – кәдімгі тозақ жолы. Аршатыға тұра автобус қатынамайды. Қазақстанның онтүстік-шығысындағы ең соңғы нүктесі – Аршаты үлкен өмірден қылған ауыл сүнді. Табиғаты ғажап: алыш та аспара таулар,



жыныс орман, сыңсыған өзен, көлдер, жыртылып айырылатын аң-құс, қойыңызшы, бәрі осында. Алайда, бүйткен табиғат байлығын қайтейін, аудан орталығына жету қиямет. Автобус қатынайтын Берел ауылы жиырма шақырым. Оған дейін ат-шана, салт ат, арба, «Беларусь» тракторы сынды көліктермен ілдебайлап жетуге тиіссіз. Доңғалақты «Беларусь» тракторы жолығып, ала кетсе, сізден бақытты, сізден жолы болғыш адам жоқтай шіренесіз. Бұл жаққа, жалпы Катон өніріне прогресс не келуге қорыққан, не мұлдем назарынан тыс қалдырган. Элі күнгі солай.

Мен сол жерде мектеп директоры болатынмын. Әрине, мұндай қиырға күнәден «пәк», Компартияның мораліне сыват түсірмейтін адамдарды жібере қоймайды. Мұнда қызметке тек «айыптылар» келетін. Мен де сол «айыптылар» тобынантынмын. Аяқ астынан айыпты бол, аудандық партия комитетінің қаһарына ілігіп қалуымның себебін сен де жақсы білетінсің, Ақа. Алайда, еске түсіре кетсек, артық болмас.

Мен Топқайыңда, өзіміз туып-өскен ауылымызды мектепте тәрбие жұмысын үйымдастырушы болып істеп жүргенмін.

Жаз. Мені мектеп директоры Құмархан ағай еңбек демалысына шығарып жіберген. Жоғарғы сыныптағылар мемлекеттік емтиханға кіріскең шақ.

Бір күні Ауғанбаев Қаныбек өте бір тәуір ұсыныс жасады.

- Шалжиып үйде жатамыз ба, одан да ақша табайық. Берелге барайық, Сайфолламен сөйлестім, келісіп отыр. Сонда қора саламыз, ақшаны күреп аламыз. Әйда, жинал, - деп дігірлесін. Қаныбек те мектепте істейтін. Ол да демалыста.

Әлгі ұсынысты естіген, өлі жоқ ақшаның иісі танаудың қытықтаған бәйбішем Гүлекен:

- Қаныбек дұрыс айтады. Мен Жаннаны алып



төркіндеп, қыдырып қайтамын. Сен сол уақытта табыс тап, қуант бізді, - деп қолды-аяққа тұрғызбады. Жалғанда әйелдің құлағына ақша туралы әңгіме тимесін де, тиген екен олар бас-көзге қарамайды.

Кинала-қинала келістім. Ыстық күнде алты айырымыздан тер сорғалап, қарағай бөрене көтеріп бара жатқанымыз келеді көз алдыма. Эй, ит Қаныбек-ай, шығармайтының жоқ-ау. Бәлем, есесін бір қайтарармын.

Алла дәл осы жолы маған оң көзімен қараған сынды. Берелге келдік. Сайфолла ағаның үйіне түстік. Сәкең – Қаныбектің ең үлкен ағасы, Шанақ ақсақалдың тұңғыш ұлы екендігін жақсы білесің ғой. Өте айдынды, жас кезінен ауылшаруашылығының әр саласында істеген, қызметте болған жерлерінде сокталанып ізі қалатын азамат еді-ау. Берел бөлімшесінде басқарушы кезі.

- Ақбұлақтың арғы бетіндегі үлкен қораны бұзып, басқа жерге саласындар. Тегін жатқан ақша жоқ, - деп Сәкең шұ дегеннен-ақ бізді тұқыртып алды.

Бардық. Көрдік. Қаныбек тыржия бастады. Тура сөйлейтін әдеті.

- Мына қораңды бұзып біткеншежаз өтеді. Бұзғанында болмаса, салғанында көп ақша шыға қоймайды. Біз бұл жұмыстан бас тартамыз. Біз десен, марал сатысын бер, соны салайық, - деп күркіреді.

- Жоспарда биыл саты салу жоқ. Сендер келді екен деп мен жоспарсыз жерге қоршау жасата алмаймын, - деген Сәкең атының басын ауылға бұрды.

Тұскі шайдан кейін Қаныбек екеуіміз шағын кеңес күрдік.

- Ауылға қайтайық, - деймін мен.

- Ауылда қатқанымыздың басы тосып тұрған жоқ. Одан да мына тау арасындағы Колмачиха өзеніне барып, бірер күн балық аулайық, - деді «су иесі Сүлеймен».

Су иесі Сүлеймен – Қаныбекке менің қойған атым. Балық десе ол бәрін ұмытушы еді ғой. Өзің де онымен та-



лай балық аулағансың, Ақа. Балыққа құмарлықтарыңың деңгейі шамалас болатын.

Балық аулап жатырмыз. Итарқа қос жасап алдық. Бір қоныш шықтық. Ертеңінде, түс өлетінде Сайфолла жетсін атпен.

- Эй, Әлібек, сені райком ізден жатыр. Тез жетсін дейді...

Райком біздің Алтайдың мына қуысында жатқанымызды қайдан білген?

Келсем, Топқайың мектебінде «соғыс жағдайы» қалыптасыпты. Соғысқа бергісіз тексеру жүріп жатыр. Райкомның жауапты қызметкерлері жүр түнеріп. Мектепті өлік шығарғандай бір тылсым жым-жырттық, жұмбак үрей жайлап алған. Дауыс көтеріп сөйлесу, күлкі әдірем қалған. Күбір-күбір, сыбыр-сыбыр, күңкіл. Райкомдықтар мектеп үжымы мүшелеріне дәл бір халық жауына қарағандай көзқараста. Дұрыстап амандаласу дегеніңіз не, кісі деп қарамайды.

Мен келген соң мәселе тіпті төтенше жағдайға көшті. Тексерушілер: «Әп, бәлем, қолға түстің бе, онбаған!» - дегендей, алақандарын үқалай бастады. Әңгіме мынада екен.

Мемлекеттік емтихан тапсырып жатқан 10-сыныптың бір қызын аяқ астынан, емтихан кезінде толғақ қысады. «Жедел жәрдем» шақырылып, әупірімдеп Катонға жеткізіліпті. Сатыр-күтір босанады. Балпанактай үл тауыпты. Сонан соң...

Райком мен аудандық оқу бөлімі ашық күнде жай түскендей күй кешкен. «Ауданда төтенше жағдай» - деп қара жамылады. Шаш жұлыш, бет тырнайды. «Ұятсыз» үжымның бетіне түкіру үшін комиссия жасақтаған. Аяғын шынжырлап, қолын кісендейтін кінәліні ізден кеп берсін.

Директор ағамыз: «Ағатайлар, көкетайлар! Кесем десендер бас міне. Карабет болдық. Тәrbие жұмысында